

КЕЛІСІЛДІ

Әдіскерлердің облыстық  
әдістемелік бірлестік  
төрайымы

*А. Касымжанова*  
А.С.Касымжанова  
«30» 09 2024ж.

КЕЛІСІЛДІ

«Абай облысының ББ» ММ  
Облыстық инновациялық-  
әдістемелік орталығы» КММ  
директорының м.а  
*С. Исабаева*  
С. Исабаева  
2024ж.



БЕКІТЕМІН

«Геологиялық барлау  
колледжі» КМҚК  
директоры  
*Н.Т. Минаева*  
Н.Т.Минаева  
«30» 09 2024ж.



**«ҚР білім беру үздігі», «Геология саласының құрметті қызметкері»,  
белгілі қоғам қайраткері Әлмұқанов Марал Әлібекұлын  
еске алу құрметіне арналған  
«Жас зерттеушілердің шығармашылығы - бәсекеге қабілетті мемлекетті  
қалыптастыруға қосқан үлесі»  
студенттердің VIII-ші облыстық ғылыми - тәжірибелік  
конференциясын (халықаралық, республикалық қатысумен)  
өткізу**

**ЕРЕЖЕСІ**

Семей қ., 2024 ж.

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ереже «Жас зерттеушілер шығармашылығы – бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыруға қосқан үлесі» атты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттері (бұдан әрі – ТжКБ) VIII–ші облыстық ғылыми - тәжірибелік конференциясының (бұдан әрі – Конференция) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды. Конференция кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындарындағы студенттер арасында өткізіледі

1.2. Конференцияны өткізу формасы: оффлайн

1.3. Өткізу мерзімі, орны: 2024 жыл, қазанның 30-ы. Басталуы:9-00

Конференция сайты: <http://chteniya.sgrk.kz/>

## II. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1. Мақсаты:

- колледж студенттерінің зерттеушілік қабілеттерін ашу, болашақ мамандардың мемлекетті дамытуға бағытталған қарқынды индустрияландыру жағдайындағы ғылыми-әлемдік танымдарын қалыптастыру.

### 2.2. Міндеттері:

- студенттердің зерттеушілік қабілеттерінің қалыптасуы - оқудағы негізгі тәсілдердің бірі екенін таныту;

- студенттердің шығармашылық белсенділігінің дамуына әсер ету, олардың негізгі және қолданбалы ғылымдарға деген қызығушылықтарын ынталандыру;

- студенттердің жобалау қызметтері бойынша деңгейлік жетілу мақсатында тәжірибе алмасуы;

- дарынды және қабілетті студенттерді анықтау, олардың бастамашылық жұмыстары мен шығармашылығын қолдау;

- Internet жүйелері арқылы өзара әрекеттесудің жаңа үлгілерінің көмегімен студенттер бірлестігін дамыту.

## III. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

3.1. Конференцияның жалпы «Абай облысының ББ» ММ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы» КММ, «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК ұйымдастыруы (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті Конференцияны ұйымдастыру және дайындау жұмыстарын, сараптау кеңесін қалыптастыруды, қатысушылар тізімін, сондай-ақ, ұйымдастыру жұмыстарына байланысты басқа да сұрақтарды шешуге қатысты жұмыстарды атқарады.

*Байланыс телефондары: 8(7222) 31- 36- 88, ұялы: 87789195053; 87055006318*

*Модераторлар: Жумагалиева Алуа Жумагалиевна, Игнатенко Надежда Александровна*

## IV. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1. Конференцияға Абай облысы, ШҚО ТжКБ жүйесі оқу орындарының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясы колледждерінің 1-4 курс студенттері қатыса алады.

4.2. Конференцияға қатысу үшін уақытында жіберілген өтінім және <http://chteniya.sgrk.kz/> сайтқа тіркелу тәртібі негіз болады. Тіркелу мерзімі: **2024 ж. қазанның 25 дейін.**

4.3. Конференцияның сайтына тіркелген студенттер колледжде өтетін кезеңге жіберіледі.

4.4. Қатысу тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

## V. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТӘРТІБІ

5.1. *Конференция келесі бағыттар бойынша секциялық үлгіде жүргізіледі:*

- 1) IT технологияның дамуы - Қазақстан экономикасын жылдамдатылған технологиялық тұрғыда жаңғырту алғышарттарының бірі;
- 2) Қазіргі замандағы тіл білімі мен мәдениетінің өзекті мәселелері;
- 3) Мәдениаралық және кәсіби мақсаттарға арналған шет тілі;
- 4) Жаратылыстанудағы ғылыми зерттеулер - қоғам дамуындағы ілгерлеу факторы;
- 5) Тарихи және мәдени дәстүрлердің сақталуы - Қазақстанның жарқын болашағының кепілі;
- 6) Озық технологияларды оқыту - болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың алғышарты (техникалық мамандықтар үшін).

5.2. Конференция жұмысы төмендегі өлшемдер бойынша бағаланады:

№	Өлшемдері	Ең жоғарғы баға-40 балл
1.	Тақырыпты таңдаудың маңыздылығы. Зерттеудің ғылыми сипаты.	10
2.	Мазмұнның берілген тақырыпқа сәйкестігі.	10
3.	Баяндаманы мазмұндау логикасы, ой қорытудың сенімділігі, ойлаудың шынайылығы.	5
4.	Конференцияға қатысушылардың сұрақтарға жауабы.	5
5.	Мультимедиялық технологияны қолдануы.	5
6.	Әзірлеген материалды белгілі уақытта жеткізе алуы (7-10 минут).	5

## VI. САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

Сараптама комиссиясының құрамы мен оның жұмыс тәртібін ұйымдастыру комитеті бекітеді. Сараптама комиссиясының құрамына жоғары оқу орындарының өкілдері, Абай облысы ББ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы»КММ мамандары, әлеуметтік серіктестер, Абай облысы колледждерінің оқытушылары кіреді.

## VII. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

7.1. Қатысушыларды тіркеу Конференция сайтында төмендегі құжаттармен бірге жіберіледі:

- жұмыстың қысқаша аннотациясы;
- талапқа сай жұмыс;
- қатысушының фотосуреті.

Тіркеу тәртібі <http://chteniya.sgrk.kz/> Конференция сайтында орналастырылған.  
7.2. Колледжде өтетін конференцияға тіркелу: 30 қазан 2024 жыл, сағат-9.00-9.30

## **VIII. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҰСЫНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 8.1. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мақала көлемі 5 беттен аспау керек, А 4 форматында, сызба, суреттермен рәсімделген. Барлық шегі – 2 см.
- 8.2. Автордың және жетекшінің тегі, аты-жөні, қала, аудан, білім беру ұйымының атауы, жіберілетін мақаланың тақырыбы (шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman, курсив, кегль 14) (Қосымша 1).
- 8.3. Негізгі мәтін шрифті Times New Roman (кегль 14) қатараралық интервал – бірлік. Негізгі мәтіннің азат жолы – 1 см; теңестіру – ені бойынша; мәтіндегі тасымалдау – автоматты түрде; беттер белгіленбейді.
- 8.4. Пайдаланылған әдебиеттер – негізгі мәтіннен кейін орналасу қажет (шрифт Times New Roman, KZ Times New Roman, кегль 14).

## **IX. КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ**

- 9.1. Секция отырысындағы жұмыстардың қортындысы бойынша хаттама толтырылады.
- 9.2. Сараптау комиссиясының мүшелері секциялар бойынша балл нәтижелері негізінде үздік жұмыстарды анықтайды.
- 9.3. Жеңімпаздар «Абай облысының ББ» ММ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы» КММ грамоталарымен марапатталады. Сараптама комиссиясының мүшелері «Маңызды зерттеу», «Өз көзқарсының сарапшысы», «Ерекше танылған еңбек», «Айқын тақырып», «Танымдық және шығармашылық шеберлік» номинацияларын беруге құқылы.
- 9.4. Барлық қатысушыларға Конференцияны ұйымдастырушылар тарапынан сертификаттар беріледі.

## **X. КОНФЕРЕНЦИЯ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ**

Іссапар шығындары (жолақы, тамақтану) жіберуші ұйым тарапынан жүзеге асырылады. Жол жүру кезінде конференцияға қатысушылардың қауіпсіздігі үшін іссапарға жіберуші тарап жауапты.

## **XI. АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ**

Конференция өткізу туралы және қорытындысы "Абай облысы ББ" ММ "Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы" КММ ресми сайтында және <http://chteniya.sgrk.kz/> конференция сайтында орналастырылады

**МАҚАЛАНЫ БЕЗЕНДІРУ ҮЛГІСІ**

*Алпысова А. А.*

---

*(оқу орның атауы)*

*Ғылыми жетекші : Ахметова И.М.*

**МАҚАЛА ТАҚЫРЫБЫ**

Негізгі мәтін. [1, с. 1].